



Қарақия

БЕЙСЕНБІ
№32 (1317)
20 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 1985 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕССИЯ

ДЕПУТАТТАР ЖЕТІБАЙ АУЫЛЫНДА

СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАРАҚИЯ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫ 18 ТАМЫЗ КҮНІ
ЖЕТІБАЙ АУЫЛЫНДА ӨТТІ.

Сессияның күн тәртібіне бірқатар өзекті мәселелер енгізілді.

Депутаттар алдымен Қарақия аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы №34/279 «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесін қарады.

Сонымен қатар Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы №30/324 «Қарақия ауданы әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңес құру туралы» шешіміне және 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №11/94 «Қарақия аудандық және учаскелік сай-

лау комиссияларын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды. Сессия барысында депутаттар бірқатар ұсыныс-пікірлерін айтып, аудан тұрғындарын толандыратын мәселелерді көтерді.

Сессия жұмысына аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімдігінің жауапты бөлім басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Сондай-ақ ел мүддесі үшін ерінбей еңбек етіп, мәслихат жұмысына қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар депутаттар марапатталды.

■ SHUBAT FEST-2026

ҚАРАҚИЯЛЫҚТАР ӨЗ ӨНІМДЕРІН ТАНЫСТЫРДЫ

АҚТАУДА «SHUBAT FEST-2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ
ҚАРСАҢЫНДА КОНКУРСАНТТАРДЫҢ ӨНІМДЕРІН БАҒАЛАУ
КЕЗЕҢІ ӨТТІ. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА 60-ҚА ЖУЫҚ
ҚАТЫСУШЫ ҰСЫНҒАН ТҮЙЕ СҮТІНЕН ЖАСАЛҒАН ТАҒАМДАР МЕН
СУСЫНДАРДЫ БАҒАЛАУДА.



Байқау ережесі бойынша әр қатысушы өз өнімін арнайы қазылар алқасына таныстырып, оның тарихы, дайындалу тәсілі туралы 3 минут ішінде баяндайды.

Конкурс 5 номинация бойынша өтуде: түйе сүтінен жасалған құрт, балқаймақ, тіскебасар, балмұздақ, сондай-ақ түйе сүті қосылған кофе мен коктейль. Құрт пен балқаймақ номинацияларының финалистері 29 тамызда өтетін басты фестиваль алаңында өз өнімдерін көпшілік назарына ұсынатын болады.

«Ең үздік шұбат» номинациясының жеңімпазы Ақтау қаласындағы амфитеатрда өтетін гала-фестивальде анықталады. Гран-при иегеріне фестивальдің ресми демеушісі «Astana Motors» компаниясынан GWM Poreg автокөлігі табысталады деп күтілуде. Жеңімпазды таңдауда халықтық дауыс беру, зертханалық сараптама және кәсіби қазылар алқасының бағасы ескеріледі.

Ұйымдастыру алқасының мүшесі Өсемгүл Адамбай фестивальдің негізгі мақсатын атап өтті: «Шұбатты тек тағамдық өнім ретінде таныту емес, оны материалдық емес мәдени мұра ретінде сақтау, қорғау, құжаттандыру және ғылыми тұрғыдан зерделеу».

Оның айтуынша, биылғы байқауға балқаймақтан 26 қатысушы, құрт жасаудан 24 қатысушы, коктейль мен кофе жасаудан 2 қатысушы, ал балмұздақ жасаудан 1 үміткер қатысуда.

«Фестиваль шұбат мәдениетін сақтауға, ұлттық тағам дәстүрін дәріптеуге және оның құндылығын халықаралық деңгейде танытуға бағытталған», – деді Ә.Адамбай.

Шұбат дайындау дәстүрі Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізіміне енгізілген. Қазіргі уақытта оны ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Фестивальге Қарақия ауданы, Құланды ауылынан келген қатысушы Айгүл Түгелбаева «Дәурен» шаруа қожалығын таныстырды:

– «Дәурен» шаруа қожалығы 2008 жылдан бері мал шаруашылығымен айналысып келеді. Бүгінде оның өз өндірістік цехы мен «Дәурен» бренді қалыптасқан. Шаруа қожалығы таза әрі табиғи өнімдерді Ақтау және Жаңаөзен қалаларына ұсынып келеді. Алдағы уақытта өнім көлемін арттырып, өзге де өнімдерге шығаруды жоспарлап отыр, – дейді ол.

Қарақия ауданындағы «Ақжайлау» шаруашылығы атынан қатысқан Гүлжайнар Бөлтекова байқауға балқаймақ өнімін ұсынды: «16 жылдан бері дайындап келе жатқан ұлттық өнімімізді көпшілікке таныстырып, шаруашылықтың әлеуетін арттыруды және оны болашақта танымал брендке айналдыруды мақсат етеміз».

«SHUBAT FEST-2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ
29 ТАМЫЗ КҮНІ АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ӨТЕДІ.

■ ТАЗА ҚАЗАҚСТАН



ҚҰРЫҚТЫҢ ТЕҢІЗІ ТАЗА,
ЖАҒАЛАУЫ ЖАЙЛЫ
БОЛҒАСЫН ӨНІР АЗАМАТТА-
РЫ ДЕМАЛУҒА КӨБІРЕК КЕЛЕДІ.
АЛАЙДА, ДЕМАЛЫП, ТАМАҚ
ПІСІРІП, ОТ ЖАҚҚАН ОРНЫН
ЖИНАСТЫРЫП КЕТЕТІН АДАМ-
ДАР КЕМ ДЕ КЕМ.

ТӘРТІП – ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ



Өткен жексенбі күні әлеуметтік желілерде Құрық ауылы аумағындағы «Жыланды» мүйісінде қоқыс жиналып қалғаны туралы бейнематериал таралған болатын.

Құрық ауылы Каспий теңізінің жағалауында орналасқан және жаз мезгілінде мұнда Маңғыстау облысының өзге аудандары мен қалаларынан, сондай-ақ басқа өңірлерден көптеген демалушылар келеді. Әсіресе сенбі-жексенбі күндері жағалау аумағындағы адам саны бірнеше есеге артып, соның салдарынан тұрмыстық қалдықтардың жиналу жағдайлары орын алу-да.

Бұл мәселе жергілікті атқарушы органдардың назарында. Атап айтқанда, демалыс күндері «Таза – Қарақия» мекемесі тарапынан Құрық ауылының жағалау аумағында санитарлық тазалық және сенбілік жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Әлеуметтік желіде көрсетілген «Жыланды» мүйісі аумағы да назардан тыс қалмайды. Бүгін, аталған аумақта жинақталған қоқыстарды шығару және аумақты тазалау бойынша жұмыстар ұйымдастырылды. Тазалау жұмыстарына 100 ге жуық адам мен 7 техника қатысты. Сондай-ақ, жаңадан қоқыс жәшіктерінде қойылды. Сенбілікті ұйымдастырушылар атынан аудан әкімінің орынбасары Санат Теңелұлы сөз сөйлеп, тұрғындарды тазалықты сақтауға шақырды:

«Құрметті тұрғындар мен қонақтар! Демалыс барысында қоршаған ортаны таза ұстауға, тұрмыстық қалдықтарды белгіленген орындарға тастауға және табиғи аумақтарға қоқыс қалдырмауға шақырамыз. Таза жағалау – ортақ міндет!», – деді С.Төкенов.

Теңіз жағалауының тазалығы – тек коммуналдық қызметтердің ғана емес, әрбір демалушының ортақ жауапкершілігі.

«Біз өз жұмысымызды жасап отырмыз, тек ғана жексенбі күні демаламыз. Сол бір күн демалыста қоқыс үйіліп қалады. Адамдар артын жинастырып, қалдық заттарын қоқыс жәшігіне салып кетсе, аз да болса бізге жеңілдік болар еді, еңбекті ешкім бағаламайды, – дейді «Таза Қарақия» мекемесінің жұмысшысы Р. Ақмолдаева.

Жағалауда қоқыс жәшіктері тізіліп тұр. Алайда, оған қоқыс салып жатқан ешкім жоқ. Тазалық пен тәртіпке қашан үйренеміз?!

Шынар КЕНДІН.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.



gazeta_karakia@mail.ru



www.facebook.com/Қарақия Газет



www.tiktok.com/@gazeta_karakia



OTRAN
NEWS.kz





QJ FEST – 2026



Бұл жолғы мерекелік кеш дәстүрлі концерт форматынан бөлек, заманауи жастар мәдениетіне жақын мазмұнымен ерекшеленді. Сахнада музыка әуелеп, көрермендер сүйікті орындаушыларымен бірге ән айтып, мерекелік кештің ерекше атмосферасын қалыптастырды. Кеш жүргізушілері Нұрбол мен Тұрар концерттік бағдарламаны жүргізіп, жастардың көңіл-күйін одан әрі көтерді.

Фестиваль сахнасында жастар арасында танымал MIRA, ALKHAM, AYAP ASYLTAS, QANAT және OIU өнер көрсетіп, өз шығармаларын көпшілік назарына ұсынды. Әр орындаушының өнері

Құрықтағы ЖАСТАР МЕРЕКЕСІ

ҚҰРЫҚ АУЫЛЫНДАҒЫ
«ЫНТЫМАҚ» АЛАҢЫ БІР КЕШ-
КЕ ЖАСТАРДЫҢ ӨНЕРІ МЕН
ЭНЕРГИЯСЫ ТОҒЫСҚАН
ЕРЕКШЕ АЛАҢА АЙНАЛДЫ.
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІНЕ
ОРАЙ ҚАРАҚИЯ АУДАНДЫҚ ЖА-
СТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «QJ FEST –
2026» ФЕСТИВАЛІ АУДАН ЖА-
СТАРЫНА КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ-
КҮЙ МЕН ЖАРҚЫН ЭМОЦИЯ
СЫЙЛАДЫ.

көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, алаңдағы мерекелік көңіл-күйді қыздыра түсті.

Жастардың белсенділігін арттыру мақсатында концерттен бөлек түрлі ойындар мен интерактивті белсенділіктер де ұйымдастырылды. Шараға белсене қатысқан жастарға «Қарақия жастары» арнайы мерчтері табысталды.

Фестивальдің басты ерекшелігі – жастардың тек көрермен ретінде емес, мерекенің белсенді қатысушысы болуында. Бір алаңда бас қосқан

Периза КАШИЕВА.



АУЫЛ АЖАРЫ

АҚ СЕНЕКТІҢ АГРО ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Сенек ауылының солтүстік бөлігінен 10 гектар жер телімін алған кәсіпкер Алтынбек Құти аз уақыт ішінде аумақта ауқымды жұмыстар атқарған. Жер телімі қоршалып, электр энергиясы, су және газ секілді қажетті инфрақұрылым тартылған. Ең маңыздысы – егін шаруашылығына мүмкіндік беретін суару жүйесі жолға қойылған. Осы жылы шаруашылық аумағына 5 мың түп жеміс ағашы отырғызылды. Кәсіпкер келесі жылы тағы 5 мың көшет егіп, бау көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Шаруашылықта өнім түрі де сан алуан. Жайқалған алқапта қауын-қарбыз, қызанақ, бұрыш, бұршақ және басқа да көкөніс дақылдары өсірілуде. Ал ерекше дақылдардың бірі – күнбағыс. Солтүстік өңірлерге тән деп саналатын бұл дақылдың Маңғыстау топырағында өсіп, өнім беруі шаруашылықтағы агротехнологиялық тәсілдердің тиімділігін аңғартады.

Егіншілікпен қатар, онда мал және құс шаруашылығы да қатар дамып келеді. Шаруашылық аумағында төрт

МАҢҒЫСТАУДЫҢ СЕНЕК АУЫЛЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖАҢА ҚАРҚЫН АЛЫП КЕЛЕДІ. ОНДА КҮНБАҒЫС ӨСІРІЛІП,
ЖЕМІС БАҒЫ ЖАЙҚАЛЫП, ТҮРЛІ КӨКӨНІС ПЕН БАҚША
ДАҚЫЛДАРЫ ЖИНАЛУДА, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ҚОҒАМДЫҚ
КОММУНИКАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ.

түлік өсіріліп, құс шаруашылығы жолға қойылған. Мамырлаған қаздар мен жайылып жүрген мал ауыл тіршілігінің ажырамас көрінісіне айналған. Қожалықтың тағы бір маңызды бағыты - бие сауып, табиғи қымыз өндіру. Дәстүрлі тәсіл мен табиғи өнімге басымдық беретін шаруашылық үшін қымыз негізгі өнім түрлерінің біріне айналып

келеді. Кәсіпкер алдағы уақытта өндіріс көлемін арттырып, шаруашылықты одан әрі кеңейтуді көздейді. Бүгінде Сенектегі 10 гектар аумақтағы шаруашылық – ауылдың әлеуетін арттырып, жергілікті агроөндірістің жаңа бағыттарын қалыптастырып отырған еңбек алаңына айналды.

Аршын КЕРЕЙ.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«ARK Petroleum» ЖШС 2027–2029 жылдарға арналған РЕШНЖ, ҚББ, ӨЭББ, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 23 қыркүйекте сағат 11:00-де. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Жетібай ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/88051156231?pwd=dQuLb3xyut2pAm7l8fyaCfvXyY3CKm.1>

Конференция идентификаторы: 880 5115 6231. Кіру коды: 877186
Тапсырыс беруші: «ARK Petroleum» ЖШС, БСН: 230640023433, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 498-үй, 309-кеңсе.

Жобаны әзірлеуші: «SciRes» ЖШС, Ақтау қаласы, тел.: +7 701 457 68 33.
Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: +7 (778) 113-9897.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсында орналастырылған.

Учаскенің географиялық координаттары: 43°38'45" с. е.; 52°12'59" ш. б. Жетібай ауылы географиялық координаттары: 43°35'19" с. е. 52°05'58" ш. б.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ОО «ARK Petroleum» объявляет, что проводит общественные слушания по Проектам НДВ, ПВО, ПЭК, ППМ на 2027-2029 год.

Слушания состоятся: 23 сентября 2026 года в 11:00 ч. Место проведения: Мангистауская область, село Жетыбай, здание Дома культуры.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/88051156231?pwd=dQuLb3xyut2pAm7l8fyaCfvXyY3CKm.1>

Идентификатор конференции: 880 5115 6231. Код доступа: 877186
Заказчик: ОО «ARK Petroleum», БИН: 230640023433, г. Алматы, Алмалинский район, проспект Сейфулина, дом 498, офис 309.

Разработчики проекта: ОО «SciRes», г. Ақтау, тел: +7701 457 68 33.
Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природ-ных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. +7 (778) 113-9897.

Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Документация по проекту размещена на сайте Информационная система <https://ndbecology.gov.kz/>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>.

Географические координаты участка: 43°38'45" с. ш.; 52°12'59" в.д. Географические координаты села Жетыбай: 43°35'19" с. ш. 52°05'58" в. д.

№344

Меншік иесі: MAŃĞYSTAU MEDIA ЖШС Директордың м.а. – Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН Қабылдау бөлімі, тел.факс: 20-48-34 mangystau.media@mail.ru	Қарақия аудандық Қоғамдық - саяси газет Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13357-Г куәлігі берілген. Редактор – Ш.ГЭНДЭНҚЫЗЫ. Тілшілер: – Периза КАШИЕВА, Лашын НҰРТАЙҚЫЗЫ.	Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді. Беттеуші дизайнерлер – Э.СЕЙДАХМЕТОВА, А.РАБАЕВА. «ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3. Телефон: +7 777 012 22 38.	Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады. Таралымы: 2466. Индекс: 65681. Тапсырыс: 183. Газеттің бағасы келісімді.	АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ 20 ТАМЫЗ түнде: +25 күндіз: +34 21 ТАМЫЗ түнде: + 24 күндіз: +34 22 ТАМЫЗ түнде: + 22 күндіз: +28 23 ТАМЫЗ түнде: +21 күндіз: +27 24 ТАМЫЗ түнде: +20 күндіз: +28
---	---	---	---	--

